

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН СЛОВАКИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ РОБЕРТ ФИЦО БАҚ ӨКІЛДЕРІ АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Президент ең алдымен, Словакия Республикасының Премьер-министрі Роберт Фицко және барша делегация мүшелеріне ілтипат білдірді.

Словакия – Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Екіжақты қарым-қатынасымыздың тарихы маңызды оқиғаларға толы. Қазіргі таңда да екі елдің өзара байланыстары достық және сыйластық рухында нығаюда. Астана мен Братислава арасында мазмұнды саяси диалог орнаған. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы байланысымыз жылдан-жылға дамып келе жатыр. Шарттық-құқықтық негізі қалыптасты. Екі елдің алыс-беріс де ұлғаяуда. Қазақстанда 30-дан астам словак компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Елімізге Словакияның ірі кәсіпкерлері де келді. Соған байланысты Роберт Фицко мырзаға алғысымды айтамын. Бүгін бизнес форум өтеді. Бұл жиын өзара ықпалдастығымызды одан әрі нығайтуға жол ашады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Фицкомен жүргізген мазмұнды келіссөз барысында қазақ-словак ынтымақтастығының аясын кеңейту мәселесі талқыланып және нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін атап өтті.

Екі ел арасында ешқандай түсініспеушілік жоқ, кең ауқымды ынтымақтастыққа – жол ашық. Себебі, Қазақстан мен Словакияның сан қырлы байланысын күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді. Словакия – экономика тұрғысынан алып қарасақ, қарқынды дамып келе жатқан ел. Сондықтан Қазақстан Словакиямен қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән бермек. Біз сауда-саттық көлемін одан әрі арттыру мәселесіне тоқталдық. Инвестициялық ықпалдастықты тереңдетуге на-



Жастарымыз екі елдің жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Олар біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыра түседі деп ойлаймын. Біздің қарым-қатынасымыздың тарихы терең. Қазақ жауынгерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Словакияны азат етуге белсене атсалысты. Осыған орай, Роберт Фицко мырза Отан қорғаушылар монументіне барып, батырлардың рухына тағзым етті. Осылайша, адамзат үшін қиын кезеңде бастау алған қазақ-словак достығы бүгінге дейін жалғасып, нығайып келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі келіссөзде халықаралық және аймақтық мәселелерге де назар аударылғанын жеткізді.

Өлемдегі геосаяси ахуал, жаһандық текетіретер мен сауда соғысы бәрімізді алаңдатып отыр. Екі тарап та бұл түйткілдер бейбіт жолмен шешілуі керек деп санайды. Елдеріміздің халықаралық ұйымдар аясындағы байланысы нығайып келеді. Атап айтқанда, достығымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында дамып жатыр. Көптеген жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз көпжақты дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге ерекше мән береміз. Бүгінгі келіссөз қарым-қатынасымыздың өзара тиімді сипатын тағы да нақтылай түсті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-словак ықпалдастығы жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі сапар барысында екіжақты қатынастардың барлық саласы талқыланып, келіссөздер қорытындысын жоғары бағалады.

Біз алға қарай үлкен қадам бастық. Бүгінгі уағдаластықтар қол қойылған тиісті келісімшарттар мен өзара тиімді ынтымақтастықта айқын көрініс табады деп ойлаймын, – деді Роберт Фицко.

akorda.kz

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ТАҒЫ 3 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛДЫ



Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай тағы 3 әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Алакөл ауданында өңірдегі үшінші Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Қаратал ауданында мәдениет үйі мен теннис орталығы ашылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, алғашқы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы Талдықорған қаласында, кейін Сарқан ауданында пайдалануға берілген еді. Енді осындай маңызды әлеуметтік жоба Алакөл ауданы Үшарал қаласында ашылып отыр. Бұл аудандағы 2200 зейнеткер үшін қуанышты жаңалық болды.

Орталық қарт адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту мақсатында іске асырылып отыр. Екі қабатты ғимараттың 1-қабатында мәжіліс залы, ас бөлме, тренажер залы орналасса, 2-қабатта дәрігер мен массажистің кабинеті, үстел ойындары мен тренажер залы, би, йога залы, ән және вокал кабинеті, тігін залы бар. Мұнда терапевт, массажист, йога мен көркем гимнастика нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, музыка және бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері жұмыс істейді. Орталықта жалпы саны 7 жаңа жұмыс орны ашылды, – дейді нысан директоры Алмат Садиев.

Орталықтың ашылуына орай жергілікті ардагерлер де өз пікірлерін білдірді.

Белсенді өмір ұзақ өмір сүру орталығының жұмысы біздің денсаулығымызды жақсартып қана қоймай, спортпен айналысуға, қалаған ісімізбен айналысуға, жаңа машықтарды меңгеруімізге көмектеседі. Адам өмір бойы үйренуді, сондықтан жаңа дүниелерді үйренуге

ешқашан кеш емес. Өзіміз үшін де, жас ұрпақтың тәрбиесі үшін де заманға сай жеке тұлға ретінде үздіксіз даму пайдалы, – дейді Болатбек Нүсіпбекұлы.

Сол сияқты осы күні Қаратал ауданының екі ауылында бірдей жаңа нысан іске қосылды. Атап айтқанда Айту би ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылында мәдениет үйі есігін айқара ашты. Көкпекті ауылы аудан орталығынан 18 км қашықтықта орналасқан. Округте 1400-тен астам адам тұрады, соның 116-сы – жастар.

Нысанның жалпы алаңы 674 шаршы метрден асады. Бір қабатты мәдениет үйінде 250 орынды көрермен залы, сахна, сол сияқты домбыра, би, ән үйірмелеріне арналған кабинеттер бар. Мұнда 7 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Атап өтсек, соңғы жылдарда Қаратал ауданында Ескелді, Жаңаталап, Көлпе ауылдарында мәдениет үйлері салынып, қолданысқа берілсе, биыл Алмалы, Тастөбе, Көпбірік ауылдарында клубтар бой көтеруде.

Ал демеушілердің көмегімен тұрғызылған, ішінде қосымша бакс залы бар үстел теннисі орталығы Көлпе ауылында іске қосылды. Нысанда екі негізгі зал бар, біреуіне теннис үстелдері қойылса, екіншісі боксқа арнап жабдықталған.

Бокс үйірмесіне қатысушылардың бірі:

Бокспен айналысып жүргеніме 1 жылдай болды. Бұған дейін Үштөбе қаласындағы спорт кешеніне жаттығу үшін арнайы барып-қайтатынбыз. Бүгін өз туған ауылымызда бокс залы ашылып, қуанып жатырмыз. Енді ешқанда сабылудың қажеті жоқ, жаңа залда алаңсыз жаттығуға барлық мүмкіндік жасалған, – дейді Көлпе орта мектебінің 10-сынып оқушысы Рүстем Бөкен.

Фотосуреттерді түсірген: Жұмабай Мұсабеков, сол сияқты Қаратал ауданының әкімдігі ұсынды

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН БОЛГАРИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РУМЕН РАДЕВ БАҚ ӨКІЛДЕРІ АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Президент ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келгені үшін Румен Радевке шынайы ризашылығын жеткізді.

Болгария – Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Біздің ықпалдастығымыз мызғымас достық пен түсіністікке негізделген. Жалпы, Қазақстан Болгарияның стратегиялық маңызы бар серіктес ретінде қабылдайды және сіздің мемлекетіңізбен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға үлкен мән беруде. Қазақстан мен Болгария арасында дипломатиялық қатынасы орнағанына өткен аптада 33 жыл толды. Сіздің сапарыңыз осы мерейлі межеге тұспа-тұс келіп отыр. Осы уақыт ішінде біздің елдеріміз барлық деңгейде өзара сенім рухындағы саяси диалог орнатты. Нақты шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Екі елдің сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстары нығая түсті, – деді Мемлекет басшысы.

да кеңейіп келе жатқанына тоқталды. Жан-жақты әрі сенімді серіктестік алдағы уақытта да беки бермек.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөз мазмұнды болғанына, нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне мән берді.

Атап айтқанда, сауда-экономика және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге баса назар аудардық. Екі ел арасындағы алыс-беріс есіп жатыр, бұл – жақсы үдеріс. Елімізде 60-қа жуық болгар компаниясы бар. Олар түрлі салада табысты жұмыс істеп жатыр. Дегенмен елдеріміздің экономикалық әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Сондықтан бұл көрсеткішті ұлғайта түсуге мол мүмкіндік бар. Біз өзара сауда-саттық көлемін арттыра түсуге келістік. Қос мемлекеттің мүддесіне сай келетін жаңа инвестициялық жобаларды пысықтауға уағдаластық. Әсіресе, мұнай-газ, жартылайын энергия, «жасыл» энергетика, атом өнеркәсібі,

цифрландыру, инновация, жасанды интеллект, ғарыш саласы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдени-гуманитарлық байланыстар және туризм сияқты салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өттік, – деді Президент.

Сондай-ақ көлік-логистика секторындағы байланысты дамыту мәселесіне назар аударылды. Тараптар бүгінде стратегиялық сауда жолының біріне айналған Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасына Болгарияның «Бургас» және «Варна» теңіз порттарын қосу мәселесін қарастыруға келісті. Мемлекет басшысы бұл жұмысқа екі елдің Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы баса мән беру қажет деп санайды. Президент Комиссия аясында Көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен жұмыс тобын құруды ұсынды.

Бұдан бөлек, Болгарияның ғарыштық зерттеулер мен технологиялар, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы озық тәжірибесін зерделеп, бірлесе жұмыс істеуге дайын екенімізді жеткіздім. Елімізге Президент Румен Радевпен бірге Болгарияның ірі кәсіпкерлері келді. Бүгін бизнес форум өтеді, бірқатар коммерциялық құжатқа қол қойылады. Бизнес-форумға біз, екі ел басшылары да қатысатын болдық. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа айрықша мән берілетінін аңғартады. Біз елімізде жұмыс істегісі келетін Болгария компанияларына қолайлы жағдай жасауға дайынбыз. Мен іскер топтардың ықпалдастығын нығайту үшін «Қазақстан – Болгария» іскерлік кеңесін құруды ұсындым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық, білім беру және өңіраралық байланыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласқанын жеткізді. 2018

akorda.kz

БЕЙБИТ ИСАБАЕВ ПРОВЕЛ ПРИЕМ ГРАЖДАН ПО ЛИЧНЫМ ВОПРОСАМ



Акима области Бейбит Исабаев провел прием граждан по личным вопросам, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

На прием записались 3 человека. Все они поднимали вопросы, связанные с жилищными проблемами и оказанием социальной помощи. Жительнице Талдыкоргана Ауканбы Егизовой, представляющей интересы Маймуны Садреевой, в прошлом году вставшей в очереди на жилье, были даны разъяснения жилищного законодательства согласно которому жилье из государственного жилфонда

представляется только в порядке очереди. Талдыкорганцу Ернуру Жукену и его сестрам, оставшимися сиротами после взрыва газа в жилом доме, за счет спонсоров будет оказана дополнительная материальная помощь для закрытия ипотечного кредита, взятого на покупку трехкомнатной квартиры. На постоянный контроль ситуацию поручено взять руководителям управлений здравоохранения, образования, координации занятости и социальных программ в целях оказания необходимой социальной помощи. Жительница Алакольского района Лязат Ермозанова обратилась с вопросами касательно определения отдельной категории «Участники декабрьских событий» в жилищном законодательстве, а также оказания социальной поддержки. Как отметил аким области, вопрос внесения изменений в жилищное законодательство не

входит в компетенцию местных исполнительных органов. Между тем акимат готов выступить с данным предложением, обратившись в Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства. Что касается оказания социальной поддержки, то ежегодно из областного бюджета выделяются средства на выплату единовременной материальной помощи участникам декабрьских событий, а также на санаторно-курортное лечение. Что касается открытия аллеи памяти в Алакольском районе, то данный вопрос будет рассмотрен акиматом района. К слову, на территории области имеется 4 архитектурных сооружения, посвященных декабрьским событиям. Это памятники в с.Жансугуров Аксукого и г.Жаркент Панфиловского районов, стелла в г.Ушарал Алакольского района и монумент «Желтоқсан желі ызғарлы» в городе Талдыкорган, открытый в прошлом году. Фотограф: Жеңіс Ысқабай Пресс-служба акима области Жетісу

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ТАҒЫ 3 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛДЫ

Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай тағы 3 әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Алакөл ауданында өңірдегі үшінші Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Қаратал ауданында мәдениет үйі мен теннис орталығы ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Еске салсақ, алғашқы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы Талдықорған қаласында, кейін Сарқан ауданында пайдалануға берілген еді. Енді осындай маңызды әлеуметтік жоба Алакөл ауданы Ушарал қаласында ашылып отыр. Бұл аудандағы 2200 зейнеткер үшін қуанышты жаңалық болды. - Орталық қарт адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту мақсатында іске асырылып отыр. Екі қабатты ғимараттың 1-қабатында мәжіліс залы, ас бөлме, тренажер залы орналасса, 2-қабатта дәрігер мен массажистің кабинеті, үстел ойындары мен тренажер залы, би, йога залы, ән және вокал кабинеті, тігін залы бар. Мұнда терапевт, массажист, йога мен көркем гимнастика нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі,

музыка және бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері жұмыс істейді. Орталықта жалпы саны 7 жаңа жұмыс орны ашылды, - дейді нысан директоры Алмат Садиев. Орталықтың ашылуына орай жергілікті ардагерлер де өз пікірлерін білдірді. - Белсенді өмір ұзақ өмір сүру орталығының жұмысы біздің денсаулығымызды жақсартып қана қоймай, спортпен айналысуға, қалаған ісімізбен айналысуға, жаңа машықтарды меңгеруімізге көмектеседі. Адам өмір бойы үйренеді, сондықтан жаңа дүниелерді үйренуге ешқашан кеш емес. Өзіміз үшін де, жас ұрпақтың тәрибесі үшін де заманға сай жеке тұлға ретінде үздіксіз даму пайдалы, - дейді Болатбек Нүсіпбекұлы. Сол сияқты осы күні Қаратал ауданының екі ауылында бірдей жаңа нысан іске қосылды. Атап айтқанда Айту би ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылында мәдениет үйі есігін айқара ашты. Көкпекті ауылы аудан орталығынан 18 км қашықтықта орналасқан. Округте 1400-тен астам адам тұрады, соның 116-сы – жастар. Нысанның жалпы алаңы 674 шаршы метрден асады. Бір қабатты мәдениет үйінде 250 орынды көрермен залы, сахна, сол сияқты домбыра,

би, ән үйірмелеріне арналған кабинеттер бар. Мұнда 7 тұрақты жұмыс орны ашылған. Атап өтсек, соңғы жылдарда Қаратал ауданында Ескелді, Жаңаталап, Көлпе ауылдарында мәдениет үйлері салынып, қолданысқа берілсе, биыл Алмалы, Тастөбе, Көпбірлік ауылдарында клубтар бой көтеруде. Ал демеушілердің көмегімен тұрғызылған, ішінде қосымша бак залы бар үстел теннисі орталығы Көлпе ауылында іске қосылды. Нысанда екі негізгі зал бар, біреуіне теннис үстелдері қойылса, екіншісі боксқа арнап жабдықталған. Бокс үйірмесіне қатысушылардың бірі: - Бокспен айналысып жүргеніме 1 жылдай болды. Бұған дейін Үштөбе қаласындағы спорт кешеніне жаттығу үшін арнайы барып-қайтатынбыз. Бүгін өз тұған ауылымызда бокс залы ашылып, қуанып жатырмыз. Енді ешқайда сабылудың қажеті жоқ, жаңа залда алаңсыз жаттығуға барлық мүмкіндік жасалған, - дейді Көлпе орта мектебінің 10-сынып оқушысы Рүстем Бәкен. Фотосуреттерді түсірген: Жұмабай Мұсабеков, сол сияқты Қаратал ауданының әкімдігі ұсынды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ «J-LEAGUE» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ АҚТЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ



Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп» ойындарының ақтық кезеңі басталды. Талдықорғандағы «Жетісу» стадионында жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Облыс әкімі өз сөзінде «J-LEAGUE» жобасының бұқаралық спортты дамытудағы іргелі жобалардың бірі екенін, әсіресе ауыл балаларын қолдауға, спортқа бейімдеуге басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Сол сияқты жетісулық жас футболшылардың жуырда ел чемпионы атанғанын қуанышпен жеткізді: - Бір атап өтерлігі, күні кеше ғана 2010 жылғы жасөспірімдер арасында футболдан өткен республика чемпионатында жетісулық жас спортшылар Қазақстан чемпионы атанды. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш! Спорт – адамды табандылық пен тәртіпке үйрететін тәрбиеші, денсаулықтың кепілі. Сондықтан жасөспірімдердің осындай жарыстар арқылы бұқаралық спорт түрлеріне көптеп тартылуы, салауатты өмір салтын ұстануға деген талпынысы бізді ерекше қуантады. Құрметті жас спортшылар! Бұл жарыс – сіздердің спорт жолындағы алғашқы белестеріңіздің бірі. Әр ойында қай-қайсыларыңыз да табандылық танытып, командалық мығым рухпен жеңіске қадам жасайсыздар деп сенемін, - деді Б. Исабаев. Сонымен қатар Қазақстан футбол федерациясының Өңірлік байланыстар департаментінің директоры Марат Такенов және Виктор Буков та сөз алып, жас спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді. Мұнан соң аудандық, қалалық футбол федерация президенттеріне жасөспірімдердің жергілікті, соның ішінде ауылдық футбол командалары үшін 2000 доп таратылды. Осы орайда жас футболшылар да өз пікірлерін білдірді. - Жетісу облысының футболдан жасөспірімдер командасының ойыншысы Бекжан Жақсыбай. Талдықорғанда өткен ел чемпионатындағы ақтық ойында Түркістан облысының командасымен ойнап 2:1 есебімен ұттық. Чемпионатқа қатысқан командалардың бәрі де мықты болды. Бірақ біз басым түсіп, чемпион

атандық. Өзім бес жылдан бері футболмен айналысамын. Орталық қорғаушы ретінде ойнаймын. Ел чемпионатында «Үздік қорғаушы» номинациясын жеңіп алдым. Алдағы уақытта «Жетісу» командасының негізгі құрамында және ұлттық құрамада ойнағым келеді, - деді Жетісу облысының жасөспірімдер футбол командасының ойыншысы Бекжан Жақсыбай. Сол сияқты бүгін «J-LEAGUE» футбол турнирінің ақтық сынана қатысуға келген Ақсу ауданы Қызылағаш ауылындағы 1. Жансүгіров атындағы орта мектептің 7 «ә» сынып оқушысы Жеңіс Аспан: - Футболға қатысып жүргеніме 1 жылдан асты. Командамызда 5-7 сынып оқушыларынан құралған. Жаттықтырушымыз Мәди Исағалиев бізге футболдың қыр-сырын жалықпай үйретіп келеді. Мен команданың қорғаушысымын. Ауданда өткен іріктеу турында 5 командамен ойнап, бәрін ұттық. Бүгін де жеңеміз деген сеніммен келдік. Болашақта Абат Айымбетовтей мықты ойыншы болғым келеді, - деді ол. Бұдан әрі Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасындағы футбол жарысы «Болашақ» стадионында басталды. Атап өтсек, «J-LEAGUE» жобасы - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұқаралық спортты дамыту туралы Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмасына сәйкес Жетісу өңірінде қолға алынған игі бастама. Шараның басты мақсаты – жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, экстремизм мен терроризмнің нашакорлықтың, алкоголизмнің алдын алу, балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, жеңіске деген жігерін ояту, тәжірибе жинауына мүмкіндік жасау, демалысын тиімді ұйымдастыру. Жоба аясында биыл жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп», волейболдан «Шұбар доп», баскетболдан «Алтын доп» жарыстарын өткізу қолға алынған болатын. 19 сәуір мен 18 мамыр аралығында спорттың аталған түрлерінен аудан-қалаларда іріктеу турнирлері өтіп, оған 887 команда, яғни 8870 бала қатысқан. Соның ішінде бүгінгі «J-лига» футбол жарысының ақтық сынына 90 үздік команда, 900-ге жуық жас спортшы жолдама алды. Енді жас футболшылар арасындағы ақтық жарыс 14 маусымға дейін жалғасады. Атап өтсек, 3 жас ерекшелігі бойынша жеңімпаз атанған 9 команданың ойыншыларына, яғни 90 балаға жазғы демалыс лагерлеріне тегін жолдама беріліп, спорттық киімдер мен доптар сыйға тартылады. Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАСЫЛ БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ: ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Талдықорғанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше форматтағы шара – «Табиғаттан эко-сыйлықтар» экологиялық акциясы өтті. Бұл бастама тек сенбілік не бір күндік шара емес, ол - табиғатқа деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған қоғамдық үндеу, экологиялық мәдениеттің нақты көрінісі. Іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушыларға ұсынылған ерекше эко-сыйлықтар. «Посади своё будущее!» деген мағыналы ұранмен берілген конверттердің ішінде есімдік тұқымдары салынған. Бұл — жай ғана тұқым емес, әр адамның табиғатқа жасаған нақты қамқорлық әрекетінің бастауы. Қатысушылар сол тұқымдарды өз үйлерінің ауласында немесе қоғамдық жерлерде отырғызып, табиғатпен тікелей байланыс орнатты. Акция барысында Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы шараның мән-мамунына ерекше тоқталды. - Бүгін біз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан ерекше форматтағы «Табиғаттан эко-сыйлықтар» атты маңызды шарада бас қосып отырмыз. Бұл шара - жай ғана экологиялық акция емес. Бұл - болашақ ұрпақ үшін, табиғатты аялау мен оны сақтауға деген ортақ жауапкершілігімізді сезінудің, сонымен қатар экологиялық мәдениетті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырудың нақты қадамы, - деді ол. Шараның мақсаты – қоғамда экологиялық сананы арттыру, жастарды белсенді экологиялық қозғалысқа тарту және әр адамға табиғаттың бізге аманат екенін ұғындыру. «Табиғаттан эко-сыйлықтар» — бұл жасыл болашаққа жол ашатын бастама. Бұл шара арқылы Талдықорған жастары табиғатқа жанашырлық танытып қана қоймай, қоғамға экологиялық тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетті. #ЭкоБолашақ #ТабиғатымБайлығым #ТазаҚазақстан Облыстық қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша дайындалды.



ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С начала года области Жетісу зарегистрировано 197 (153) фактов интернет мошенничеств, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничество на 28,8 %.

197 фактов интернет мошенничеств в разбивке по регионам: г.Талдыкорган - 108, г.Текели - 19, Аксу – 9, Алаколь – 11, Ескельдинский - 10, Кербулакский – 8, Каратальский - 10, Коксуский – 6, Панфиловский – 7, Сарканский - 9.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов. Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдыкорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов: «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные

на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД: 1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющим сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Недоволять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8. Чаше проверять движение денег на своих счетах.

А.К Балабеков ,
Прокурор отдела ФПИ
в уголовной сфере
Департамента Комитета
по правовой статистике
и специальным учетом
Генеральной прокуратуры
РК по области Жетісу

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ТӨЛЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫНА БАРЛЫҚ АЙМАҚ ҚОСЫЛДЫ

Енді көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу Қордың бірыңғай жүйесінде еліміздің барлық 20 өңірі бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте экстерриториялық қағида мен үш кезеңнен тұратын апелляция мүмкіндігі қолданылады.

Алдында хабарланғандай, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингілеу рәсімдеріне ауқымды өзгерістер енгізуде. 2025 жылдың 17 наурызында «Saqtandyru» ақпараттық жүйесі арқылы Медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесі аясында мониторингтің пилоттық жобасы іске қосылды.

«Басты өзгерістердің бірі – мониторингке қатысты барлық процестердің Қордың бірыңғай ақпараттық жүйесі аясында біріктірілуі болды. Бұған дейін жұмыс бірнеше бөлек платформалар арқылы жүргізіліп, бұл деректерді бақылау мен өңдеу ісін қиындатты. Орталықтандырылған цифрлық

жүйеге көшу – денсаулық сақтау саласындағы автоматтандыру мен цифрландыруды дамыту жолындағы маңызды қадам», – деді Қордың басқарма төрағасы Айдын Күлсейітов.

Пилоттық жоба бастапқыда Ақмола облысының медициналық ұйымдарында жүзеге асырылды. Тестілеу барысында форматтық-логикалық бақылауды қолдану талданды. Ақауларды анықтау алгоритмдерін жетілдіруге өзгерістер енгізіліп, медициналық ұйымдар тарапынан анықталған кемшіліктер бойынша келіспеушілік білдіру негізділігі тексерілді.

Мамыр айында жобаға тағы 8 өңір қосылып, 2-ші маусымнан бастап қалған 11 өңір, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар да пилотты жүйеге көшті.

Қорда атап өткендей, мониторинг жүргізу барысында тәсілдерді оңтайландыру қарастырылған. Яғни, мониторинг түрлерінің саны қысқарады, бастапқы бақылаудың сапасын арттыру және бірыңғай талаптарды енгізу арқылы

анықталатын ақаулар саны азаяды.


Ашықтықты арттырып, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін экстерриториялық қағида енгізіледі. Бұл – бір өңірдегі жеткізушіні басқа өңірлердегі Қор мамандарының тексеруі деген сөз. Мұндай тәсіл бағалау нәтижесінің объективтілігін арттырып, тексеру қорытындыларына деген сенімді күшейтеді.

Мұндағы жаңашылдық үш кезеңнен тұратын апелляция жүйесі болмақ. Медициналық ұйымдар мониторинг нәтижелері бойынша өз ескертулерін ақпараттық жүйе арқылы тікелей жолдай алады.

Мысалы, Ақмола облысындағы пилот кезінде жеткізушілердің 30 пайыздан астам шағымын Қор қабылдаған. Мұндай тәсіл ашықтықты қамтамасыз етіп, тараптар арасында диалог пен сатып алу шарты аясындағы әріптестік қатынастарды дамытуға жол ашады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы
бойынша филиалы

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!



Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артық жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады. Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз.

Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдың ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7.Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Хайрбаев Мәди БЕКБОЛҰЛЫ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру аға прокуроры

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Қазақстанда тойланады.

Баланың ең сенімді қорғанысы – дені сау, тату, берекелі отбасы. Балалар біздің үмітіміз, болашағымыз. Қуаныш пен шаттыққа толы балалық шақтан асқан сұлулық жоқ, оны солай ету – отбасының, қоғамның, мемлекеттің міндеті.

Балаларды қорғау күнінің мақсаты – балалардың өмір сүруге, пікір бостандығына, білім алуға және қорғауға құқығы бар екенін еске салу.

Бұл мереке 1949 жылы қарашада Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы конгресінің

шешімімен бекітілді.

Бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінде мәдени іс-шаралар өткізіліп, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйдалады, соның ішінде көрмелер, шығармашылық фестивальдар, спорттық жарыстар және т.б.

Осыған орай ұ.ж. 01 маусым күні “Балаларды қорғау күні” мерекесіне арналған ауданымыздың орталық алаңында спорттық іс-шаралар өтті. Атап айтсақ: ұлттық спорттан арқан тарту, асық ату және дойбы және қызықты эстафеталық сайыс.

Спорттық іс-шараға ауданымыздың кішкентай тұрғындары белсене қатысып, уақыттарын тиімді өткізді.

Жеңіске жеткен бүлдіршіндер арнайы грамотамен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жәнеде бүлдіршіндерге аудан әкімшілігінің, демеушілердің атынан тегін балмұздақтар таратылды.

Г.ОМАРОВА,
Ескелді ауданының спортты дамыту және
бұқаралық- спорттық іс шараларды өткізу
бөлімінің басшысы

МЕЙІРІМ МЕН ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ КҮН

1 маусым – Балаларды қорғау күніне ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Біз-бақытты баламыз!» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

1 маусым – Балаларды қорғау күні еліміздің барлық өңірінде кеңінен аталып өтуде. Бұл күні балалардың күлкісі мен шаттығы естілетін ерекше мерекелердің бірі – мүгедектігі бар балаларға арналған қайырымдылық іс-шарасы болды.

Ашық аспан астында өткен бұл мереке балалардың көңілін көтеріп, оларға қуаныш сыйлауға бағытталды. Әлеуметтік қызметкерлер балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын ескеріп, арнайы бағдарлама әзірлеген.

Мерекелік шара аясында аниматорлармен ойындар, музыкалық нөмірлер ұсынылды. Балалар би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, әр балаға тәтті сыйлықтар мен марапаттар, ата-аналарға алғыс хаттар табысталды.

Іс-шараның басты мақсаты – мүгедектігі бар балалардың қоғамдағы орнын нығайту, олардың шығармашылық әлеуетін арттыру және достық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік жасау. Балалар мен ата-аналардың жүзінен қуаныш пен ризашылықтың нышаны байқалды.

Іс-шараны ұйымдастыруға жергілікті демеушілер мен еріктілер жұмыла атсалысты. Мұндай игі бастамалар қоғамдағы инклюзияны дамытып, балалардың құқықтарын қорғауда үлкен рөл атқарады.

Балалар – біздің болашағымыз. Әр бала махаббат пен қамқорлыққа лайық. Бұл күн – соны тағы бір мәрте еске салып, жүректерге жылу сыйлаған ерекше күн болды.

ТОPIQ.KZ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЖАҢАША КӨЗҚАРАСПЕН ДАМУЫ

ТорIQ.kz — бұл «Алматыкітап» баспасының шығармашылығы. Бұл оқу құралы 1–11 сыныптарға арналған, олардың барлық беттері цифрланған және сертификатталған.

Платформа оқу процеске жаңа материалдар қосу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Оқушылар үшін бұл платформаның артықшылығы, өйткені оларға әртүрлі гаджеттерде оқу тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді.

ТОР IQ цифрлық платформасы бастауыш мектептегі оқу үдерісін айтарлықтай жақсартатын мүмкіндіктердің кең ауқымын ұсынады. Ол мұғалімдерге интерактивті сабақтар құруға, жобалық іс-шараларды ұйымдастыруға және оқушылардың үлгерімін бақылауға мүмкіндік береді. Осындай ТорIQ платформасының жүйелік әкімшісі-Мынбосынова Әсем Маратқызынан сұхбат алсақ!

Сәлеметсіз бе, Әсем Маратқызы! Уақытыңызды бөліп, сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін алғыс айтамыз. Ең алдымен, өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз?

-Мен, Мынбосынова Әсем Маратқызы Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Титов атындағы орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі боламын. Сонымен қатар мектебімізде ТорIQ білім беру платформасының жүйелік әкімшісі ретінде де жұмыс атқарамын.

Мұғалім ретінде платформада орналасқан 1-11 сыныптарға арналған электронды оқулықтарды күнделікті сабағында қолданамын.

Электронды оқулықтар платформасын қолдану өте ыңғайлы. Маңыздысы мен үшін де оқушылар үшін де сабақ қызықты бола түсті. Әрбір сабақ мазмұнына арналған интербелсенді тапсырмалар оқушының тақырыпты жақсы меңгеріп, өздігінен білім алуға деген ынтасының артқанын байқадым. Сонымен қатар оқушыларым оқу әрекетіне белсенді қатысуға ұмтылып, әр оқушының бейімділігі мен жеке қабілетін анықтауға мүмкіндік алдым. Нәтижесінде мұғалім мен оқушы арасындағы виртуалды байланыс тиімділігі арта түсуде.

ТорIQ платформасы мектеп жұмысына қалай ендірілді және бұл платформа сіздің мектепте қалай қолданылады?

-ТорIQ платформасы – цифрлық білім беру құралдарының бірі. Ол оқушыларға онлайн режимде оқыту ресурстарын ұсынуға, үй тапсырмаларын беруге және нәтижелерді бақылауға мүмкіндік береді. Біздің мектеп бұл платформаны 2023 жылдан бастап қолданып келеді. Қазіргі таңда барлық пән мұғалімдері плат-



форманы белсенді қолдануда.

Әсем Маратқызы-бізде қағаз оқулықтар бар болса, электрондық оқулықтар не үшін қажет?

-Біріншіден, электрондық оқулықтар өте жеңіл. Барлық оқулықтар смартфон немесе планшетке жинақталған.

Екіншіден, электрондық оқулықтар оқу кеңістігін үлкейтеді. Онда көптеген аудио, бейне материалдар бар.

Үшіншіден, электрондық оқулықтар:

- мұғаліммен жеңіл байланыстырады
- өзін тексеруге арналған тапсырмаларды орындау мен оқу материалын табысты меңгереді.

ТорIQ.kz- қосымшасын қалай жүктеуге болады?

Сізге қосымшаны жүктеудің қажеті жоқ. 3 жеңіл қадам жасаңыз.

- 1-қадам. Телефонға, планшетке, ноутбукке Интернетке қосылыңыз (жақсырақ Google Chrome арқылы).
- 2-қадам. toriq.kz мекенжай жолағын енгізіңіз. Тіркеу өрісіне логин мен парольді енгізіңіз.
- 3-қадам. Оқу құралын таңдаңыз, оны жұмыс үшін ашыңыз.

ТорIQ.kz- қандай қосымша қызметтер бар?

Мұғалім үшін:

- Тінтуірді бір басу арқылы сыныптағы барлық оқушыға дайын тапсырма тағайындай алады.
- Егер қажет болса, қосымша материал тіркей алады.
- Үй тапсырмаларын тексере алады, кейде мұны жүйе өздігінен атқара алады.
- Орындалған тапсырмаларды бағалау және комментарий бере алады.

Оқушы үшін:

- Мұғалімнен тапсырма алады.
- Тапсырманы кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген гаджетте орындай алады.
- Жүйе арқылы тапсырманы жіберіп, бағасын алады.
- Жаңа тақырыпты қалай түсінгенін және оқу метриалын бекітіп, өзін-өзі бағалай алады. Сонымен бірге оқулықтағы

көптеген оқу тапсырмалары өзін тексеруге арналған.

Әсем Маратқызы Тор IQ цифрлық платформаның негізгі ерекшеліктері қандай?

-Интерактивті оқулықтар: Әр пән бойынша мультимедиялық контент, аудио және бейнемазмұн, сондай-ақ автоматты бағалау жүйесі бар тапсырмалар ұсынылады. Бұл оқушылардың материалды терең меңгеруіне ықпал етеді.

-Қолжетімділік: Платформа кез келген мобильді құрылғыда немесе компьютерде жұмыс істейді, арнайы қосымша жүктеудің қажеті жоқ.

-Инклюзивтілік: Барлық оқушыларға тегін қолжетімді. Платформадa тіркелу немесе пароль енгізу талап етілмейді, бұл пайдалануды жеңілдетеді.

-Қауіпсіздік: Барлық деректер Қазақстан аумағында орналасқан серверлерде сақталады және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді.

-Қосымша мүмкіндіктер: BilimClass жүйесімен интеграцияланған, бұл мұғалімдер мен оқушыларға платформаны тікелей қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер үшін қандай артықшылықтары бар?

-Жеке тапсырмалар беру: Мұғалімдер әр оқушының деңгейіне сәйкес жеке тапсырмалар тағайындай алады.

-Бағалау жүйесі: Тапсырмалардың автоматты бағалануы мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді.

-Қашықтан оқытуға қолдау: Платформа қашықтан оқыту кезінде тиімді құрал болып табылады, өйткені оқушылар кез келген уақытта материалды қайталап, өз білімін тексере алады.

Әсем Маратқызы жүйелік әкімші ретінде қандай міндеттерді атқарасыз?

-Менің басты міндеттерім – платформадағы мұғалімдер мен оқушылардың тіркелуін қадағалау, техникалық ақауларды шешу, оқытушыларға платформаны қолдануда әдістемелік көмек көрсету. Сонымен қатар, деректердің дұрыс енгізілуі мен жаңартылып тұруын қамтамасыз етемін.

Сіз үшін цифрлық білім беру не береді?

-Бұл – заман талабы. Цифрлық білім беру мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, оқушылардың білім алуын қызықты әрі тиімді етеді. Біз балаларды XXI ғасырдың талабына сай оқытуымыз керек.

Керемет!

Болашақта ТорIQ платформасы қалай дамиды деп ойлайсыз?

-Болашақта ТорIQ платформасы жасанды интеллектпен толық интеграцияланып, әр оқушыға жеке бағдарлама ұсынатын деңгейге жетеді-дейді Әсем Маратқызы

Сізбен сұхбаттасуға мүмкіндігім болғанына қуаныштымын. Уақытыңызды бөліп, менімен тәжірибе мен пікірлеріңізді бөліскеніңіз үшін алғыс айтамын. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз!

Диана Дауренқызы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ!

Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата-бабамыздан қалған баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын. Жарық дүниеге келген сәби бұл әлемді қай тілмен таныса сол тіл ол адам үшін қымбат. Себебі сол тілмен ой өрісі дамып, көкірегі ашылып, көңілі небір жақсы сезімдерді түсініп, жүрек тұңғиығында сараланады. Себебі сол тілмен алғашқы өмірде нәр беретін нұрлы асыл сөздерді атайды. Сәбидің алғашқы ана-әке, ата-әже деген аяулы сөздері өмірді тану құлшынысының бастамасы. Тіл отбасылық қарым-қатынас ғана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы.

Қазақ тілінің маңызы мен оның өмірдегі рөлі үлкен. Ана тілде сөйлеу — тек бір халықтың ғана емес, жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына әсер етеді. Қазақ тілінің тереңдігі мен байлығы сондай, оны жақсы меңгеру — адамның жан дүниесінің айнасы, оның дүниетанымының кеңдігі мен тереңдігі.

Ұрпақ тәрбиесінде тілдің алатын орны ерекше. Тіл арқылы баланың рухани құндылықтары, дүниетанымы қалыптасады. Бүгінгі ұрпаққа қазақ тілін тек ана тілі ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен тарихи мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал ретінде үйрету өте маңызды.

Сондай-ақ, көп тіл білу шынымен де адамды терең ойлауға, талғамды болуға, әлемді кеңірек қабылдауға көмектеседі. Бірақ, өз тілін жақсы меңгеру — бұл ұлтты, оның тарихын, мәдениетін құрметтеу мен оны сақтаудың жолы.

Бүгінгі күні қазақ тілінің қолданысына мен де қатты толғанамын. Тіліміздің қолданысының кеңеюі артады деген үмітпен әлі келе жатырмыз. Өкінішке орай, өзге ұлт түгілі өз қазағымыздың қазақша сөйлей алмай тұрғанына іштей қынжыламыз. Егер қазақ қазақ болып өз ана тілінде сөйлемесе, өзге ұлт қазақ тілін қайтсын. Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқалы ана тіліміз өмір сүріп келеді. Тілдің иесі — кешегі қазақ, бүгінгі қазақ, ертеңгі болашағы да қазақ ұрпағы. Тіл — өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің мәртебесі, ертеңгі күннің көпілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу — қаны қазақ баласының бірден — бір міндеті болып табылады. Халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым, Тіл — еліміздің іргетасы. Тіл — өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тіл — асыл ойдың бұлағы. Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Шынында да, әрбір ұлттың тілі оның мәдениетінің, тарихының, дәстүрінің айнасы. Қазақ тілі — біздің рухани байлығымыз, ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлттың бірлігін сақтап келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру үшін тек заң жүзінде ғана емес, қоғамның санасында да орынуы керек.

Қазіргі қоғамда тілдің мәртебесі мен дамуы үшін әрбір азаматтың жауапкершілігі зор. Егер әр адам ана тілін үйренуге, оны құрметтеуге және насихаттауға көңіл бөлсе, онда біз қазақ тілін өмірдің барлық саласында қолданатын деңгейге жеткізе аламыз.

Қазақ тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру үшін, өзімізден бастау алатын нәрселер көп. Мысалы, әрқайсымыз үйде, қоғамдық орындарда, жұмыс орнында қазақ тілінде сөйлеп, оны қолдану арқылы көп адамды баурап ала аламыз.

Қазақ тілінің қолданысын материалдарда кеңейтудің тиімді жолдары бірнеше бағытта жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл мәселеге қатысты әртүрлі ұсыныстарды қарастыруға болады. Міне, солардың кейбірі:

- Қазақ тіліндегі контенттің санын арттыру
- Қазақ тілінде жазылған мақалалар, ғылыми зерттеулер, баяндамалар, кітаптар мен оқу құралдарының санын көбейту. Бұл материалдардың әртүрлі салаларда (ғылым, экономика, мәдениет, саясат) барынша қолжетімді болуына мүмкіндік береді.
- Интернет ресурстарында қазақ тіліндегі контентті көбейту. Мысалы, қазақ тіліндегі блогтар, жаңалықтар порталдары мен әлеуметтік желілерде қазақ тілінің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.
- Терминологияны жетілдіру
- Ғылым мен техника салаларында қазақ тіліндегі терминдер мен түсініктерді үйлестіру. Бұл үшін тіл мамандары мен терминологтардан тұратын арнайы комиссиялар құрып, жаңа терминдер мен сөздерді жасай отырып, оларды халық арасында кеңінен тарату.
- Қазақ тілінде кеңінен қолданыста болатын жаңа сөздер мен ұғымдарды құрастыру арқылы қоғамды осы тілде сөйлесуге ынталандыру.
- Мектептер мен жоғары оқу орындарында тілдің қолданылуын арттыру
- Мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру, сабақтар мен дәрістерді көбіне қазақ тілінде жүргізу.
- Студенттер мен оқушылар арасында қазақ тілінде сөйлесу мен жазу дағдыларын дамыту мақсатында түрлі жобалар мен байқаулар ұйымдастыру.
- Медиа мен шығармашылық салаларында қолданысты арттыру
- Қазақ тілінде фильмдер, телехабарлар, радиобағдарламалар, музыкалық клиптер мен әлеуметтік роликтер шығару. Бұл әсіресе жастардың қазақ тілін қабылдауына әсер етеді.
- Қазақ тілінде аударылған әдеби шығармаларды көптеп шығару мен әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастыру арқылы ұлттық тілдің маңыздылығын көрсету.
- Технологиялық құралдар арқылы қолданысты кеңейту
- Қазақ тіліндегі мобильді қосымшалар, веб-сайттар, әлеуметтік желілер мен ойындар жасау.
- Қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілін үйрену үшін онлайн платформалар мен курстар ашу.
- Әлеуметтік қозғалыстар мен халықтық бастамалар
- Қазақ тілінің қолданылуын насихаттайтын қоғамдық қозғалыстар мен акцияларды ұйымдастыру. Мысалы, қазақ тілінде сөйлейтін адамдарға арналған түрлі форумдар, көрмелер мен фестивальдер өткізу.
- Қазақ тілінде сөйлейтін орталарды құру, тіл үйренуге қызығушылық танытқан жастар мен ересектер үшін клубтар мен кездесулер өткізу.
- Қазақ тіліндегі кітаптарды қолжетімді ету
- Қазақ тіліндегі кітаптар мен оқу материалдарын көбейту. Кітапханаларда қазақ тіліндегі әдебиеттің әртүрлі жанрларын ұсыну.
- Электронды кітаптар мен аудиокітаптар арқылы қазақ тіліндегі контентті жастар мен түрлі ұрпақ өкілдеріне жеткізу.
- Жалпы, қазақ тілінің қолданысын кеңейту — бұл мәдениет пен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды шара.

Қазақстанда өмір сүретін әр азамат елін ойласа, ұлтының рухын ойласа, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосуы қажет. Қазақта «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана Мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса ата-бабаларымыз салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Жаңа Қазақстанның патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел, Мәңгілік тіл! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

Дара Дана



МАСЛИХАТ – ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Маслихат – бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бір бөлігі болып табылатын, жергілікті деңгейде шешімдер қабылдайтын және қоғамдық мүддені қорғайтын орган. Оның жұмысы негізінен жергілікті әкімшіліктің тиімділігі мен қоғамның қажеттіліктерін үйлестіруге бағытталған. Маслихаттың негізгі функциялары мен жұмысы:

1. Құқықтық-нормативтік актілерді қабылдау: Маслихат жергілікті деңгейде маңызды шешімдер қабылдайды, оның ішінде бюджет туралы шешімдер, құрылыс жобаларын бекіту, жер пайдалануды реттеу, коммуналдық қызметтер мен басқа да мәселелерді қарау.

2. Бюджетті бекіту және бақылау: Маслихат жергілікті бюджет жобасын қарастырып, оны бекітеді. Сондай-ақ бюджет шығыстарын бақылап, қаржының дұрыс жұмсалуды қадағалайды.

3. Жергілікті мәселелерді шешу: Маслихат тұрғындардың нақты мәселелерін шешуге көмектеседі, мысалы, жолдар салу, мектептер мен ауруханаларға жөндеу жүргізу, тұрғын үй құрылысы және т.б.

4. Қоғамдық тыңдаулар мен консультациялар өткізу: Маслихат тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады, тұрғындардың пікірлерін ескеріп, шешімдер қабылдайды.

5. Жергілікті атқарушы билікпен жұмыс істеу: Маслихат жергілікті атқарушы билік өкілдерімен тығыз байланыста болады. Бұл оларға жергілікті саясатты жүзеге асыруда, соның ішінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларды шешуде көмектеседі.

6. Қоғамдық бақылау: Маслихаттың мүшелері халықтың мүдделерін қорғауға міндетті. Олар жергілікті басқару органдарының қызметіне бақылау жасайды және тұрғындардың құқығын қорғау үшін әрекет етеді.

7. Маслихат сессияларын өткізу: Маслихаттың жұмысын ұйымдастыру үшін түрлі сессиялар мен жиналыстар өткізіледі. Бұл сессияларда жергілікті мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданады.

Маслихаттың жұмысында халықтың мүддесін қорғау, қоғамдық сұраныстарға жауап беру және жергілікті даму жоспарларын тиімді түрде жүзеге асыру маңызды рөл атқарады. «AMANAT» партиясы VII-VIII шақырылымдағы Ескелді аудандық маслихатының депутаты, маслихат төрағасы- Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы.

Аудан маслихаты өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңдарға және Президент Жарлықтарына сүйене отырып жұмыс істейді. Сонымен қатар, ол бюджет, салық және жер кодекстерін, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңды, сондай-ақ Үкімет қаулыларын басшылыққа алады.

Маслихаттың қызметі регламентке сәйкес жүзеге асырылады, ол өз кезегінде жергілікті басқарудың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Депутаттар мен аппарат қызметкерлері маслихаттың күнделікті ұйымдастыру жұмыстарын атқарып, қоғамдық құрылымдар мен тұрақты комиссиялар арқылы маңызды міндеттерді орындауға тырысады.

Маслихаттың күнделікті жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін тұрақты комиссиялар мен қоғамдық құрылымдар маңызды рөл атқарады. Олар заңға сәйкес өз жұмысын жүргізіп, маслихат шешімдерінің қабылдануына ықпал етеді.

Бұл процесс депутаттардың заң жобаларын талқылау, оларды қарастыру, ұсыныстар мен

өзгерістер енгізу, сондай-ақ қоғамдық пікірлерді ескерумен байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Жергілікті өкілді органдар – маслихаттар тиісті әкімшілік – аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды» - деп көрсетілген.

Маслихат қызметінің негізгі нысаны оның сессиялары мен тұрақты комиссиялары болып табылады.

Депутаттар мен аппарат қызметкерлері маслихаттың күнделікті ұйымдастыру жұмыстарын қоғамдық құрылымдар және тұрақты комиссиялар арқылы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескелді ауданында Осы есепті жылда аудандық маслихатта барлығы 17 сессия өткізілді. Кезекті 4, кезектен тыс 13 сессияда жалпы 55 шешім қабылданды. Оның 18-і мемлекеттік тіркеуге алынған нормативтік құқықтық акт.

